

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Корея Республикасы Құрылыс және көлік министрлігі арасындағы көлік саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандум**

Меморандум, Астана қ., 2006 жылғы 22 қыркүйек

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі  
мен Корея Республикасы Құрылыс және көлік министрлігі  
арасындағы көлік саласындағы ынтымақтастық туралы  
МЕМОРАНДУМ <\*>**

(2006 жылғы 22 қыркүйекте күшіне енді -  
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,  
2006 ж., N 6, 49-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Корея Республикасы Құрылыс және көлік министрлігі көлік саласында өзара ынтымақтастықты кеңейту мақсатында төмендегі жөнінде келісті:

**1-бап**

**Мақсаттар**

Осы Өзара түсіністік туралы меморандумның (бұдан әрі - Меморандум) мақсаттары  
м ы н а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы :

а) көлік саласындағы технологиялармен, тәжірибемен алмасу арқылы өзара тиімді  
ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы к е ң е й т у ; ж әне

б) ішкі және халықаралық рыноктарда өзінің бәсекелестігін көтеру үшін Қазақстан  
және Корея көлік ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты дамыту.

**2-бап**

**Ынтымақтастық салалары**

Тараптар ынтымақтастықты келесі салаларда іске асырады:

- а) көлік инфрақұрылымын дамыту;
- б) Тараптар бірлесіп белгілеген басқа да салалар.

### 3-бап

#### Ынтымақтастық нысандары

Осы Меморандумның шеңберінде ынтымақтастықтың мынадай нысандары көзделеді:

- а) көлік саласында ақпаратпен алмасу;
- б) кадрларды даярлау, біліктілігін жоғарылату және алмасу;
- с) Тараптар елдерінің кез келгенінде немесе үшінші елдерде жобаларды жобалауға және іске асыруға бірлесіп қатысу (бірлескен кәсіпорындар құруды қоса);
- д) техникалық семинарларға, көрмелерге және экспозицияларға қатысуға жәрдемдесу;
- е) көлік саласында кадрлармен, жабдықпен және материалдық ресурстармен қамтамасыз етуге қатысты көмек көрсету;
- ф) екі ел азаматтарына рынокқа кіру және басқа да мәселелерге қатысты қолдау көрсету; және
- г) ынтымақтастықтың екі Тарап өзара келіскен басқа да нысандары.

### 4-бап

#### Қолдану тәртібі

а) Тараптар барлық деңгейдегі ынтымақтастық жасап отырған ұйымдар арасында тікелей байланыстарын дамытуға ықпалын тигізеді және өзара қызығушылық көрсеткен мәселелер бойынша ақпарат және делегациялармен алмасады.

Ынтымақтастық жасап отырған ұйымдар арасында тікелей уағдаластықтарға қол жеткізілген жағдайда бірлескен бағдарламалар өткізіледі. Бағдарламалардан туындайтын міндеттемелерді орындау жауапкершілігін өткізіп жатқан ынтымақтастық жасап отырған ұйымдар көтереді;

б) Тараптар екі елдің бизнесмендері арасында тікелей қарым-қатынастар орнатуды және олардың достық қарым-қатынастар орнатуға талпынысын қолдайды;

с) Тараптар ынтымақтастықтың нысандары мен әдістерін талқылау және ақпарат алмасу үшін сарапшылар деңгейіндегі жұмыс кездесулерін бірлесіп келісілген орында және келісілген уақытта өткізуі мүмкін;

д) егер өзара өзге уағдаластыққа қол жеткізілмесе, Тараптар осы Меморандумның ережелерін іске асыруға байланысты іс-шараларға қатысу бойынша шығыстарды дербес көтереді.

### 5-бап

#### Консультациялар

Тараптар осы Меморандумның ережелерін түсіндіру мен қолдану кезінде дау мен келіспеушіліктер пайда болған жағдайда консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

## **6-бап**

### **Халықаралық міндеттемелер**

Осы Меморандум Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **7-бап**

### **Өзгертулер мен толықтырулар енгізу**

Осы Меморандумның айырмас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен әзірленетін Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Меморандумға өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **8-бап**

### **Күшіне енуі және қолданылу мерзімі**

Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және өзінің осы Меморандумның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын Тараптардың біреу алғаннан кейін тоқсан күн өткенге дейін қ о л д а н ы л а д ы .

Астана қаласында 2006 жылғы 22 қыркүйекте әрқайсысы қазақ, корей, орыс және ағылшын тілдерінде үш данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*(Қолдары)*